

Азық-түлік товарлары өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі

Москвада 3 ноябрьде азық-түлік товарлары өнеркәсібінің Бүкілодақтық кеңесі аяқталды.

Кеңеске қатысушылар азық-түлік товарларының өнеркәсібінің онан әрі ұлғайту және азық-түлік өнімдерінің ассортиментін көбейтін, сапасын жақсарту туралы ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсібі министрі В. П. Зотов жолдастың баяндамасын талқылады.

Министр Зотов жолдау азық-түлік товарларының өндірісін ұлғайту, олардың сапасы мен ассортиментін жақсарту жөнінде шұғыл өзгерістерді жүзеге асыру ісінде өнеркәсіптің алдында тұрған міндеттерді толық баяндап, ССРО Министрлер Советі

мен ССОП Орталық Комитетінің «Азық-түлік товарларының өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы» қаулысын орындауды қамтамасыз ететін шараларға тоқтады.

Баяндама бойынша жарыссөзде 59 адам сөйледі.

Кеңестің жұмысына ССРО Министрлер Советінің Председатели Г. М. Маленков жолдас, ССОП Орталық Комитетінің Секретары Н. С. Хрущев жолдас, ССРО Министрлер Советі Председатели Орынбасары А. И. Микоян жолдас, ССОП Москва Комитетінің Секретары Н. А. Михайлов жолдас қатысты.

(СОТА).

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 223 (9285) | 1953 жылғы 6 ноябрь Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

Азық-түлік товарларының өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы

(Жалғасы. Басы газетіміздің өткен сандарында).

58. Республикалардың Министрлер Советтері, Орталық тұтынушылар одағы, Қатынас жолдары министрлігі, Металлургия өнеркәсіп министрлігі, Көмір өнеркәсіп министрлігі, ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі, нан пісіру кәсіпорындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволар нан пісіру өнеркәсібін оған әрі

ҮН ЖӘНЕ ЖАРМА ЖӨНІНДЕ

59. 1954 жылы сортты ұнның және жарманың өндірілуі 1950 жылғымен салыстырғанда мынадай арттырылды:

Жоғарғы сортты ұн	2,8 есе
Бірінші сортты ұн	2,1 есе
Ұнның қалған сорттары	1,6 есе
Шикі сөк	1,5 есе
Қарақұмық жармасы	1,7 есе
Бұршақ	3,8 есе

60. 1956 жылдың аяғына дейін диірмендер, жарма заводтарын салу, Главному ұн шығаратын кәсіпорындарын қайта құру және техникалық жағынан жабықтау есебінен 1950 жылғымен салыстырғанда 1956 жылы ұн тартатын және жарма жасайтын өнеркәсіптің күш-қуаты 1,4 есе және жарма шығаратын кәсіпорындардың күш-қуаты 1,2 есе арттырылды.

Ұн тарту және жарма жасау өнеркәсібінің күш-қуатын онан әрі арттыра беруді қамтамасыз ету үшін 1955 жылы 25 диірмен комбинаты, 11 жарма заводу және жарма цехтары салына басталды.

61. ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі мыналарды істеуге міндеттеліні:

а) ССРО Министрлер Советінің 1953 жылғы 13 майдағы № 1247 Қаулысына сәйкес, жасап шығарылатын ұнның сапасы жақсартылсын және дәні ақталған карабидай ұнының 95 процент шығуы, дәні ақталған бидай ұнының 96 процент шығуы және 2-ші сортты бидай ұнының 85 процент шығуы (бидайды бір сортта тарттырған жағдайда) қамтамасыз етілсін және бұл сорттардың неғұрлым майда ұн-

өркендету, механизацияны қолдану, санитариялық жағдайды жақсарту, нан-бұлқа татамдарының сапасын едәуір жақсарту, ассортиментін көбейту, нанды сауда орындарына тасып жеткізетін арнаулы транспортты көбейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға міндеттеліні.

62. Мемлекет астығын сорт бойынша тарттыру жөніндегі кәсіпорындардың қуаттарын арттыру және мемлекеттік ауыл шаруашылығы диірменшілігі кәсіпорындарына астықты ұқсаттырып алатын қолхоздар мен колхозшыларды мейлінше жақсы қамту үшін одақтас республикалардың Министрлер Советтері мынаны істеуге міндеттеліні:

а) жоғарыда айтылған диірмен кәсіпорындарының жұмысы едәуір жақсартылсын және олардың сортты ұн жасап шығару жөніндегі өндіріс күш-қуаттары ұлғайтылсын;

б) 1954—1956 жылдарға арналған жоспарларда мемлекеттік қорлардың астығын ұқсатып шығарушы диірмендердің жанында астық үшін 30 тәуліктік запас жасау және дайын өнім үшін 15 тәуліктік запас жасау есебінен складтар салынуы көзделсін;

в) шығарылатын ұн мен жарманың сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін шаралар істелсін және 1954 жылы ең майда ұн тартатын диірмендерде өндірістік лабораториялар ұйымдастырылсын;

г) ең майда ұн тартатын диірмендері жоқ аудандарда астықты ұнға айырбастау пункттерінің кәсіргі жұмысы жақсартылсын және керек болған күнде бұл пункттер қосымша ұйымдастырылсын;

д) диірмендердің құрал-жабдығын, үй-

тіп, тамақ әзірлеуге қететін уақытты азайтатын, сауда мәдениетін арттыратын тамақ товарларын дайын және әзірленген күйінде шығаруды көбейту жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету және сатып алушыларға қызмет етуді жақсарту мақсатымен, кәсіргі бар кәсіпорындардың қуатын арттырумен қатар, 1954—1955 жылдары тамақ концентраттарын, сұйы және жүгері жармаларын, ас консервілерін, тұздықтар, қатықтар және арнаулы балалар тамақтарын шығаратын қанадан кәсіпорындар салуға кірісу қажет деп есептелінсін.

70. 1954—1956 жылдардың ішінде ірі консерві заводтарында томат өнімдерін, дөк бұршақтан, қанттық жүгеріден консервілер, томат және жеміс тұздықтарын және айнек ыдысты майда шығарудың технологиялық процестері толық механикаландырылсын. Автоматтық толтырғыштар мен дестелегіш машиналар кеңінен қолданылсын.

Ірі заводтарда жеміс жартылай фабрикаттарын үздіксіз механикалы сульфитациялау (алдын-ала консервілендіру) әлісі енгізілсін.

Жемістерді, жидектерді және өсімдіктерді тез тоңазыту үшін ең жаңа шапшаң тоңазытқыш, аппараттар, дөк бұршақтың сұқаба құтыларға салып дестелегіш автоматты машиналар, сол сыяқты мұқабалар

СЫРА, ЖЕМІС СУЛАРЫ, НАН КВАСЫ ЖӨНІНДЕ

75. 1954—1955 жылдары сыра, жеміс және минералды сулы, нан қвасын шығару, әсіресе халықтың суында керексінуі жеткілікті қанағаттандырылмай отырған,

(миллион декалитр)
1954 жыл 1955 жыл

Сыра	210	232
Оның ішінде шөлметтегі сыра	78	71

ның құтыларды целлофанмен орайтын автоматтар енгізілсін.

71. 1954 жылы бөлшек саудамен сату үшін құрғақ өсімдіктер қосындыларын (борщ, щи үшін), сол сыяқты әдемі құтымен кештірген өсімдіктер мен картоптарды браздеттеп шығару ұйымдастырылсын.

72. Қолхоздардың жүгері талқандарын шығаруға қажетті жүгерінің сарғыштау ақ сорттарын өсіруге және мемлекетке өткізуге ынталылығын арттыру мақсатымен, ССРО Ауыл шаруашылығы және Дайындау министрлігіне 1954 жылдан бастап, өткізілген сарғыштау ақ жүгерінің әрбір тоннасын сары немесе ақ, сарғыш және жүгерінің, бір жарым тоннасына есептеуге, немесе белгіленген балама бойынша басқа дәнді дақылдардың тиісті мөлшеріне есептеуге право берілсін.

73. Консервілерді және күзгі-қысқы кезде өңдеу үшін дайындалған өсімдік қорларының сақталуын қамтамасыз ету үшін 1954—1956 жылдары консерві заводтарының жанынан 200 миллион банка консерві сақтайтын складтар, 35 мың тонна өсімдік сақтайтын өсімдік қоймасы салынылсын.

74. Витаминдер өндірісі едәуір ұлғайтылып, олардың өнімі 1950 жылғы 19,2 миллиард ішімдік мөлшерінен және жоспар бойынша 1953 жылғы 32,5 миллиард ішімдік мөлшерінен 1955 жылы 48 миллиард ішімдік мөлшеріне жеткізілсін.

Донбасс, Урал және Кузбасс аудандарына едәуір көбейтіліп, бұл суындардың өндірісі мынадай мөлшерге жеткізілсін.

1954 жыл	1955 жыл
1950 жылғы процентке шаққанда	1950 жылғы процентке шаққанда
163	181

ларын едәуір арттыру шараларын жүргізу міндеттелсін.

Шараб жасау заводтарын салу жұмысы ең алдымен Москва, Ленинград, Новосибирь, Хабаровск, Челябинск, Омск, Свердловск, Молотов, Саратов, Харьков, Днепродзержинск, Минск, Кипшиев, Қорғантөбе қалаларында жүргізілсін және Свердловск, Хабаровск қалалары мен Ростов облысындағы Цимлян совхозында шампан шарабы заводтары салынсын.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТОВАРЛАР ӨНЕРКӘСІБІНЕ ТҒАЗЫТҚЫШ ТЕХНИКАНЫ ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ

86. Азық-түлік сапасын арттыру, ет, балық, мал майын және басқа азық-түлік товарларын тоңазыту технологиясын жақсарту және осы товарларды ойдағыдай сақтауды қамтамасыз ету үшін мұздатқыштардың тоңазыту сыйымдылығы мен қуаты едәуір арттырылсын. ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігіне 1954—1956 жылдардың ішінде жаңа тоңазытқыштар салу, кәсіргі тоңазытқыштарды қайта құрып, техникамен жабдықтау есебінен тоңазыту сыйымдылығы бір мезгілде 205 мың тонна сақтайтындей мөлшерге дейін арттырылсын және 1956 жылдың аяғында осы сыйымдылық 1953 жылдың басындағы 460 мың тоннаның орнына 709 мың тоннаға дейін жеткізілсін. Осы мақсатпен:

ет, балық және май жасау өнеркәсібінде, ұсақ құрама тоңазытқыштармен қатар, сыйымдылығы үлкен құрама тоңазытқыштарды қолдану ісі ұлғайтылсын, мұның өзі тоңазытқыштар салу жұмысын неғұрлым қысқа мерзімде және шығынды аз құмсап жүргізуге мүмкіндік береді;

1954—1956 жылдары ет, балық және басқа тамақ өнімдерін тоңазытуға арналған мұздатқыштардың өнімділігі өндіріс тоңазытқыштарында тәулігіне 10.000 тонна арттырылсын;

өндірістік және бөлгіш тоңазытқыштар мен азық-түлік товарлар өнеркәсіп орындарында ет өнімдерін, күс етін, балық пен балық филесін, шөлменді, жемісті, өсімдік және басқа өнімдерді жаңа тоңазытқыш

85. Арақ пен ликер-арақ өнімдерінің сапасын жақсарту үшін 1954—1956 жылдардың ішінде 40 градусы арақ пен арақ өнімдерін өндіру тек мейлінше тазартылған — екі қайтара ректификацияланған спиртке көшірілсін және осы арақ-жартылай ақ шыны шөлметтерге, ал жоғары сортты арақ пен ликер-арақ өнімдері — түссіз шыныдан жасалған шөлметтерге құйылатын болсын.

87. Жаңа тоңазытқыштар салуда және кәсіргі тоңазытқыштарды қайта құруда тоңазыту камераларын салқындатуға, тоңазытқыш установкаларды басқару ісін автоматтандыруға арналған неғұрлым тиімді және жоғары өнімді аспаптарды қолдану, сонымен қатар автоматтың бақылау-өлшеу аспаптарын, сақталатын камераларда ауаны жақсартатын установкаларды және суық счетчиктерін қолдану қамтамасыз етілсін.

88. Салқындатылған және мұздатылған азық-түлік товарларын тоңазытқыштар мен базаларды сауда орындарына тасуды жақсарту үшін 1954—1955 жылдары өнеркәсіп орталықтарында орналасқан тоңазытқыштар жанында авторефрижераторларда қолданылатын зероторлар мен суық аккумуляторларын мұздатуға арналған заряд станциялары ұйымдастырылсын.

89. Машина жасау министрлігіне ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп отырып, 1954—1956 жылдары екі сатылы жетілген тоңазытқыш компрессорларын, автоматтандырылған фреондық агрегаттар, құрғақ мұз өндіретін жабдықтар, абсорбциялық установкалар, шұжықты, майды, сүтті, шарабты және алкогольсіз суындарды тез салқындататын тоңазытқыш аппараттар, тоңазытқыш установкаларын автоматпен басқаратын және реттейтін аспаптар мен аппараттар өндіру туралы мәселе қарау тапсырылсын. Бұл мәселе жөніндегі өз ұсы-

6) сортты ұнды және жармағы дестелеу ұйымдастырылсын, 1954 жылы 50 мың тонна және 1955 жылы 250 мың тонна дестеленген ұнның 1954 жылы 10 мың тонна, 1955 жылы 30 мың тонна дестеленген жармағын шығарылуы ұйымдастырылсын; ірі өнеркәсіп орталықтарында және ең алдымен Москва, Ленинград, Киев, Свердловск, Молотов қалаларында

КОНСЕРВІЛЕР МЕН ТАМАҚ КОНЦЕНТРАТТАРЫ ЖӨНІНДЕ

63. ССРО азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарында овощь, томат, жеміс консервілерін шығару 1950 жылғы 922 миллион банканың, 1953 жылғы 1.363 миллион банканың

(миллион банка)

	1954 жыл	1955 жыл	1954 жыл 1955 жыл	
			1950 жылғы процентке шаққанда	1950 жылғы процентке шаққанда
Овощь консервілері	410	480	2,5 есе	3 есе
Томат консервілері	510	560	171	190
Жеміс консервілері	755	855	187	2 есе
Ет-өсімдік консервілері	65	70	2 есе	2,2 есе
Май-бұршақ консервілері	40	80	160	3,2 есе

1956 жылы овощь, томат және жеміс консервілерін шығару шамамен алғанда 2.500 миллион банкаға жеткізілсін, немесе 1950 жылғымен салыстырғанда 2,7 есе көбейтілсін, ал консервілердің барлық түрлерін (ет, балық, сүт, овощь, томат және жеміс консервілер) шығару 4.150

(мың тонна)

	1954 жыл	1955 жыл	1954 жыл 1955 жыл	
			1950 жылғы процентке шаққанда	1950 жылғы процентке шаққанда
Тамақ концентраттары	90	100	167	185
Оның ішінде құрғақ кисель	30	35	120	140
Құрғақ таңертеңгілік	10	15	3,3 есе	5 есе
Геркулес, талқан, балаларға арналған ұн	42	50	2	2,4 есе

65. Көптірілген картоп пен овощь өндірісін өркендетуге ерекше зор маңыз бері отырып, оны қай маусымда болса да алыстағы аудандарға жеткізіп тұруды, көк овощьтар мен картоптарды алыста тасуды азайтуды, оларды тасуда және сақтауда ысыранты жемісуді, олардың сапасын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды әдіс деп есептеп, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің, ССРО Сауда министрлігінің, Орталық тұтынушылар Одағының және Орталық кәсіпшілік кооперациясы советінің кәсіпорындарына көптірілген овощь мен картоп өндірісін 1953 жылғы 46 мың тоннаның орнына 1954 жылы 70 мың тоннаға, ал 1955 жылы 100 мың тоннаға жеткізу, немесе 1950 жылғымен салыстырғанда 4,3 есе көбейту тапсырылсын.

66. Жастай тоңазытылған овощьтар, көк бұршақ, жеміс және жидек өнімдері шұғыл көбейтілсін.

67. Жастай тоңазытылған овощьтар, жемістер және жидектер шығаратын цехтарды неғұрлым тез салу және кәзіргі тоңазытқыштар мен консерві заводтарын

орнына, 1954 жылы 1.780 миллион банкаға, 1955 жылы 2.045 миллион банкаға жеткізіліп, бұл өнімнің мынадай ассортиментпен шығарылуын арттыру қамтамасыз етілсін:

(миллион банка)

	1954 жыл	1955 жыл	1954 жыл 1955 жыл	
			1950 жылғы процентке шаққанда	1950 жылғы процентке шаққанда
Овощь консервілері	410	480	2,5 есе	3 есе
Томат консервілері	510	560	171	190
Жеміс консервілері	755	855	187	2 есе
Ет-өсімдік консервілері	65	70	2 есе	2,2 есе
Май-бұршақ консервілері	40	80	160	3,2 есе

миллион банкаға жеткізілсін, немесе 1950 жылғымен салыстырғанда 2,9 есе көбейтілсін.

64. Тамақ концентраттарын шығаратын өнеркәсіптің мынадай мөлшерде өнім беруі қамтамасыз етілсін:

(мың тонна)

	1954 жыл	1955 жыл	1954 жыл 1955 жыл	
			1950 жылғы процентке шаққанда	1950 жылғы процентке шаққанда
Тамақ концентраттары	90	100	167	185
Оның ішінде құрғақ кисель	30	35	120	140
Құрғақ таңертеңгілік	10	15	3,3 есе	5 есе
Геркулес, талқан, балаларға арналған ұн	42	50	2	2,4 есе

неғұрлым толық пайдалану мақсатымен, тоңазытқыштардың (Сауда ұйымдарына тиістілерін қоса) және консерві заводтарының жаншан жоғарыда айтылған цехтарды салу ұйымдастырылсын.

68. Балаларға арнап консервілер шығару едәуір ұлғайтылсын: сүт қосқан алма піресі, өрік піресі, көк бұршақтан, сәбізден, собықты лобиядан овощь піресі шпинат және басқалары 1953 жылғымен салыстырғанда 1954 жылы 4,5 есе, 1955 жылы 9 есе көбейтілсін.

1954 жылы өміштегі балалар үшін құрғақ жұғымды қосындыларды көптеп шығару ұйымдастырылсын.

69. 1956 жылдың ақырында 1950 жылғымен салыстырғанда ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің консерві және тамақ концентраттары өнеркәсібінің жоғары басқармасы бойынша өндіріс қуатын мына мөлшерде ұлғайту көзделсін:

Жеміс-овощь консервілері—2,3 есе
Тамақ концентраттары — 1,2 есе
Құрғақ таңертеңгілік — 4,4 есе
Дистілген тамақтар — 2 есе.
Ұй шаруашылығында еңбекті жеңілде-

Алкогольсіз сусынның ішінде ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі бойынша бұдан:

Жеміс сулары	43	50	185	2,2 есе
Нан қвасы	27	34	2,1 есе	2,7 есе
Оның ішінде шөлмектегі қвас	3,6	6	16 есе	бір-неше ондаған есе

Минералды сулар (миллион шөлмек)

	220	260	2 есе	2,4 есе
--	-----	-----	-------	---------

76. Сыра, қвас, жеміс және минералды сулар өндірісінің мәдениетін арттырып, сапасын жақсарту шаралары жүргізілсін, сыра өндірісінің неғұрлым жетілдірілген технологиясын қолдану, шикізат жұмсаудың нормасын міндетті түрде сақтау, жеміс суларын шығаруда жоғары сапалы тұндырмалар мен шырындылардың ең жоғары сапалыларын қолдану, тоңазытқыш қондырғыларын кеңінен қолдану, сыраны, жеміс суларын, минералды суларды, лимонад пен қвасты жасауда және құюда технологиялық нұсқаулар мен санитарлық талаптарды қатаң сақтау қамтамасыз етілсін.

77. Халық ежелден жақсы көріп ішетін нан қвасының сапасы жақсартылсын. Осы мақсатпен қвасты әзірлеуде тек қана жоғары сапалы кара бидай және астық өнімдерін қосып, алдын-ала булап әзірлеу қамтамасыз етілсін.

78. Бірқатар жағдайларда республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар кәсіпорындар мен кооперация кәсіпорындарында жасалатын жеміс сулары мен қвастардың сапасы нашар болатынын ескере отырып, сол сияқты ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарының қуаты жеткіліксіз немесе жоқ аудандарда бұл сусындарды едәуір көбейту қажеттігін ескере отырып, Одақтас Республикалардың Министрлер Советтеріне, Орталық тұтынушылар одағына және Орталық кәсіпшілік кооперациясы советіне өздерінің бағынуындағы жеміс

ЖҮЗІМ ШАМПАҢ ШАРАБЫ, КОНЬЯКТАР ЖӘНЕ ЛИКЕР-АРАҚ ӨНІМДЕРІ ЖӨНІНДЕ

82. 1954—1955 жылдары жүзім шарабы мен коньяктар өндіру мынадай мөл-

(мың декалитр)

	1954 жыл	1955 жыл	1954 жыл 1955 жыл	
			1950 жылғы процентке шаққанда	1950 жылғы процентке шаққанда
Жүзім шарабы	30.370	34.480	2,1 есе	2,4 есе
соның ішінде шампан шарабы	1.370	1.480	129	140
немесе миллион шөлмекпен	18	20		
коньяктар	1.200	1.500	2,9 есе	3,7 есе

83. 1954 жылы шөлмекке құйылған жүзім мен жеміс-жидек шарабын шығару барлық шығарылған шарабтың 90 процентіне дейін жеткізілсін.

Шарап пен коньяктардың сапасын оған әрі арттыруға шаралар қолданылсын.

84. 1956 жылдың аяғында, 1950 жылғымен салыстырғанда, жаңа заводтар салу, кәзіргі заводтарды қайта құру және ұлғайту есебінен шарап жасау өнеркәсіп орындарының қуаты жүзім шарабын өн-

	110	135	153	187
	75	90	158	189
	43	50	185	2,2 есе
	27	34	2,1 есе	2,7 есе
	3,6	6	16 есе	бір-неше ондаған есе
	220	260	2 есе	2,4 есе

сулары мен қвас шығаратын кәсіпорындардың техникалық және санитарлық жағдайын тексеріп бұз істегі бар кемшіліктерді жою, бұл сусындардың сапасын жақсартып, өндірісін едәуір ұлғайту жөнінде шаралар белгілеу және жүзеге асыру, көпшілік тамақтандыру орындарында — асханаларда, ресторандарда жеміс сулары мен қвастар шығаруды ұйымдастыру үшін бар мүмкіншіліктерді пайдалану, мұнда халықтың бұл сусынды керексінуін толық қамтамасыз ету қажеттігін ескере міндеттелсін.

79. Сыраның, жеміс суларының және қвастың саудасын негізінен жақсарту қамтамасыз етілсін, ол үшін оларды көспектен құрғақаларға құйғанда салқындату, көмір қышқылын пайдалану әдістері қолданылсын, ол үшін 1954 жылы өнеркәсіп орталықтарында, ал 1955—1956 жылдары — барлық басқа қалаларда қажетті шаралар жүргізілсін.

80. 1956 жылдың ақырында 1950 жылғымен салыстырғанда ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсібі министрлігі бойынша сыра өндірісінің қуаты 2,2 есе, минералды сулар — 3,7 есе, алкогольсіз сусындар — 4,1 есе, оның ішінде: жеміс сулары — 4,5 есе, нан қвасы — 5,4 есе, ашытқы — 2,7 есе көбейтілсін.

81. ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне минералды сулардың — боржом, нарзан, эссентуин суларының өндірісін шұғыл арттыру міндеттелсін.

шереге дейін арттырылсын:

	1954 жыл	1955 жыл	1954 жыл 1955 жыл	
			1950 жылғы процентке шаққанда	1950 жылғы процентке шаққанда
Жүзім шарабы	30.370	34.480	2,1 есе	2,4 есе
соның ішінде шампан шарабы	1.370	1.480	129	140
немесе миллион шөлмекпен	18	20		
коньяктар	1.200	1.500	2,9 есе	3,7 есе

діру жөнінде 2,7 есе, шампан шарабын өндіру жөнінде — 2,5 есе, коньяк өндіру жөнінде — 4,6 есе арттырылсын.

Шараптың сапасын жақсарту және шарап жетерімалары мен дайын өнімді сақтау кезіндегі ысыранты азайту мақсатымен ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне жаңа шарап қоймаларын салу және кәзіргі шарап қоймаларын ұлғайту, жаңа техника мен технологиялық тәрттіптерді енгізу есебінен шарап қойма-

тын тез мұздатқыш аппараттар кеңінен енгізілсін.

ПАПИРОС ЖӘНЕ ПАРФЮМЕРИЯ-КОСМЕТИКА ӨНІМДЕРІ ЖӨНІНДЕ

90. 1954 жылы папирос пен сигареталар өндіру 200 миллиард данаға жеткізілсін, немесе 1950 жылмен салыстырғанда, 1,6 есе арттырылсын және 1955 жылы 215 миллиард данаға жеткізілсін, немесе 1950 жылмен салыстырғанда 1,7 есе арттырылсын.

91. Темекі өнеркәсіп орындарында еңбек жағдайын едәуір жақсарту және өнімнің сапасын арттыру мақсатымен мынадай шаралар істелсін:

а) 1954 жылы темекіні кондициялаған ауамен дымқылдайтын және темекі талшығын пневматикалық түрде жұмартып, тозаңсыздандыратын жаңа технологиялық схеманы темекі фабрикаларына енгізу аяқталсын, 1954—1955 жылдары темекі жапырағын механизмдермен араластыру жұмысы жүзеге асырылсын;

б) 1954—1955 жылдары барлық темекі — ферментация заводтарында темекіні ферментациялаудың технологиялық процесі автоматпен басқаруға көшірілсін, ауаның температурасы мен дымқылдығының программалық автоматтарын — реттегіштерін енгізу жұмысы аяқталсын.

92. 1956 жылдың аяғында, 1950 жылғымен салыстырғанда, темекі өнеркәсіп орындары мен ферментация заводтарын жаңадан салу, сонымен қатар кәзіргі кәсіпорындар мен заводтарды қайта құру және техникамен қосымша жабдықтау есебінен өндіріс қуаты папирос пен сигарета өндіру жөнінде 1,6 есе және темекіні ферментациялау жөнінде 1,4 есе арттырылсын.

Дайындау орындары темекі фабрикаларында темекі — махорка шикізатын сақтау үшін 1954—1956 жылдары жалпы

II.

Азық-түлік товарлары өнеркәсібін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету және оған күрделі қаражат жұмсау туралы

97. Азық-түлік товарлары өндірісін аса тез механикаландыруды және автоматтандыруды қамтамасыз ету үшін өте өнімді машиналар мен автоматтар өндірудің едәуір ұлғайтылуы керек деп танылсын.

Машина жасау өнеркәсібі министрлігінің 1954—1955 жылдары тамақ заттары машина жасау өндірісі саласындағы басты міндеті — азық-түлік товарларын өндіру үшін өте-өте жетілген және мол өнімді құрал-жабдықтарды: балықты боршалайтын және ішімдіктерді бөліп туютығындау автомат линияларын, мал сойып, оның өнімін ұқсаттуға арналған конвейер линияларын, шұжық тағамдарын жасап шығаруға арналған автоматтарды, буылт-туя және орау автоматтарын, қанықтыр-банека өндірісіне арналған құрал-жабдықтар линияларын, қант өнеркәсібіне арналған технологиялық құрал-жабдықтар комплектілерін, сарымай, нан-булға және макарон тағамдарын жасап шығаруға арналған үздіксіз және автомат линиялар, темекі заттарын жасап шығаруға арналған автоматтар өндіру болып табылады, деп саналсын.

98. Машина жасау өнеркәсіп министрлігі ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп

ныстарын бір ай мерзім ішінде ССРО Министрлер Советіне тапсыратын болсын.

көлемі 240 мың шаршы метрлік қоймалар салынсын.

93. 1954 жылы рыноктың іс сабын жөніндегі тілегі қажетті ассортименті бойынша толық қамтамасыз етілсін, осы сабынның сапасын, ісін және өңделуін жақсартуға ерекше назар аударылсын; оралған және құтыға салынған жоғары сортты істі сабын шығару едәуір арттырылсын.

94. Халық неғұрлым көп тұтынатын жоғары сортты жұпар мен өтір өндіруді 1953 жылмен салыстырғанда 1954 жылы 2 есе және 1955 жылы 2,5 есе арттыру қамтамасыз етілсін.

95. Жоғары және орташа сортты жұпар мен өтір шығаруды қамтамасыз ету үшін металл мен пластмассадан жасалған, көркем зейнеттелген тырғындары бар флакондар көп өндірілетін болсын.

96. Іс сабын мен парфюмерия-косметика өнімдерін зейнеттеу ісі жақсартылсын, қола мен алюминий фольгасынан жаңа, әдемі жарнамалар жасау әдісі енгізілсін.

Парфюмерия-косметика өнеркәсібін жоғары сапалы жасауды, хош иісті заттармен қамтамасыз ету үшін 1954 жылы хош иісті жасанды заттардың өзіндік литографиялық базасы бар қуатты Балуга комбинатының екінші кезегін салуға кірісілсін.

Москваның «Новая заря» парфюмерия фабрикасы мен Ленинградтың «Северное сияние» парфюмерия фабрикасы қайта құрылып, олар өте бағалы жұпар, өтір және парфюмерия өнімнің басқа түрлерін шығаруға арнап бейімделетін болсын.

министрлігіне 1954 жылы 530 миллион сомның және 1955 жылы 800 миллион сомның технологиялық құрал-жабдығын жасап, тапсыруға міндеттелсін және 1956 жылдың басына дейін азық-түлік машина жасау өнеркәсібі заводтарының қуаты азық-түлік товарлар өнеркәсібіне арнап 1.100 миллион сомның құрал-жабдығын шығаруға жеткізілетін болсын.

99. Азық-түлік товарларын өндіретін өнеркәсіптің және сауда ұйымдарының азық-түлік товарларын буылт-туяға және орауға бдыстың, құрадың және картонның барлық түрлерімен мүлдем қанағаттанғысыз қамтамасыз етіліп отырғандығы төзгісіз деп танылсын.

Азық-түлік товарларының сапасы мен ассортиментін жақсарту тамақ товарларын дестелеген түрде және жақсы, әсем ораптан түрде шығаруды мықтан арттыру, сол сияқты бұл товарлар саудасының мәдениетін арттыру жөніндегі шаралар жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатымен қағаз бен картонның арнаулы сорттарын өндіруді едәуір арттыру керек деп саналсын.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

Азық-түлік товарларының өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы

(Соңы).

100. ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі азық-түлік товарлары өнеркәсібі мен сауда ұйымдары үшін 1957 жылдың аяғына дейін қағаз бен картонның арнаулы форттарын шығару жөніндегі өндірістік қуаттардың 1953 жылы болған қуаттармен салыстырғанда, екі есе артуын қамтамасыз етуге міндеттелсін.

101. Азық-түлік товарлары сапасының сақталуын, өндіріс мәдениетін арттырулық және товарлардың сыртқы көрінісін жақсартулық қамтамасыз етілуі ісінде фольга мен целлофан сыяқты орау материалдары үлкен орын алуға тиіс екені есепке алынып:

а) Металлургия өнеркәсіп министрлігі азық-түлік товарларын өндіретін министрліктер мен мекемелерге және сауда мұқтаждары үшін алюминий фольгасын жеткізуді едәуір арттыруға міндеттелсін.

Әшекейленген түрлі түсті, кашировтелген, парафинді қағазбен араластырып жасалған және лақталған фольга өндірілуі ұлғайтылсын.

б) ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі азық-түлік товарларын өндіретін министрліктер мен мекемелерге, сол сыяқты, сауда мұқтаждары үшін целлофан жеткізуді едәуір арттыруға міндеттелсін.

Целлофанның сапасы мықтап жақсартылсын, әртүрлі түстегі целлофан шығарылуы қамтамасыз етілсін, әшекейленген, суға төзімді және лақталған целлофан шығарылатын болсын.

102. Азық-түлік товарлары өнеркәсібі мен сауда орындарының ағаш ыдыспен қамтамасыз етілуі нашар екендігі, бұл ыдыстың көп реттерде сапасы қанағаттанарсыз, ал өзіндік құны қымбат екендігі еске алынып, ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті мен ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі бір ай мерзімнің ішінде ағаш ыдыстар өндіруді арттыру, оның сапасын мықтап жақсарту және өзіндік құнын арзандату туралы ұсыныстар белгілеп, ССРО Министрлер Советіне танысуға міндеттелсін. Мұнда азық-түлік товарлары өнеркәсібінің ағаш ыдыс жөніндегі тілегін және сауданың мұқтаждарын толық қанағаттандыру керектігі еске алынып.

103. Азық-түлік товарларын өндіретін кәсіпорындардың шикізатпен, материалдармен, отынмен, электр қуатымен және құрал-жабдықпен толық және үздіксіз қамтамасыз етілуі керек деп саналсын.

а) ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1954 жылға және 1955 жылға арналған жоспарларының жобаларында

беру жұмысын тоқтатуда және оны жеңілдету жол берілмесін; азық-түлік товарларын өндіретін кәсіпорындарда енгізілетін қосымша трансформатор қуаттарының бірінші кезекке қосылуы қамтамасыз етіліп отырылсын.

105. Азық-түлік товарлары өндірісін мықтап өркендету міндетін орындауды қамтамасыз ету мақсатымен кадрлар даярлау ісін жақсарту және азық-түлік товарлары өнеркәсібінің кәсіпорындары мен ұйымдарын мамандармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар жүргізу керек деп саналсын.

ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінен ССРО Мәдениет министрлігінің ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарын, құрылыстары мен ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі танысуға шаралары бекітілсін.

106. Өндірістік қуаттар арттырылуын қамтамасыз ету үшін ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне (соның ішінде үн тарту — жарма және құрама азық өнеркәсібіне) 1953 жылғы күтіліп отырған 4,8 миллиард сом мөлшерінде орындаудың салыстырғанда 1954 жылға арналып 8,5 миллиард сом көлемінде күрделі қаражат жұмсалатын болсын.

Азық-түлік товарлары өнеркәсібінің кәсіпорындары бойынша құрылыс жұмыстарының көлемін белгіленген құрылыс аудандарындағы ұйымдардың күшімен едәуір арттыру керек деп саналсын.

107. Азық-түлік товарлары өнеркәсібінің кәсіпорындарының қуатын тез және жүрделі қаражатты аз жұмсап арттыра беру мақсатымен ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, облыстық атқару комитеттері, қалалық атқару комитеттері жоғарыда айтылған кәсіпорындардың директорлары мен бас инженерлері механикаландыру, қысылпаң жағдайларды жою және жарамды үйлерді кезейту және бейімдеу, сойтіп, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің радионализаторлық ұсыныстарын кеңінен пайдалана отырып, әрбір кәсіпорын бойынша қуатты арттыра беру және азық-түлік товарлары өндірісін ұлғайтуы жөнінде екі ай мерзім ішінде шаралар белгілеп бекітуге міндеттелсін.

108. ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі, Орталық тұтынушылар одағы, Орталық кәсіпшілік советі және одақтас республикалардың Министрлер Советтері азық-түлік товарларын өндіретін кәсіпорындарда өнімнің өзіндік құнын онан әрі кеміту, шикізат пен дайын өнім ұсырабын азайту, үстеме шығындар мен айналым шығындарын кеміту жөніндегі

Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының социалистік жарысы

ОЗАТ ТӘЖРИБЕ—КӨПКЕ ОРТАҚ

Сөз қостанайлықтарға беріледі

Картоп, овощь шаруашылығын өркендете береміз

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы ауыл шаруашылығын барлық жағынан жедел өркендетудің ұлы программасы болып табылады. Бұл қаулыда, әсіресе картоп пен овощь өндірісін шұғыл өркендету мәселесіне ерекше көңіл бөлінген.

Біздің Қостанай астық совхозы Қарабалық ауданындағы Комсомолец поселкесіне орналасқан. Мұнда Қазақстан ауылшаруашылығы және дайындау министрлігінің механика заводы, ауылшаруашылығы техникумы бар. Поселкенің тұрғын адамдары көбейіп келеді. Сондықтан біздің совхоз үшін картоп пен овощь өндірісін ұлғайтудың маңызы ерекше зор.

Совхоз огородында бұған дейін қыяр, помидор, капуста, сәбіз, пияз егіліп, олардан мол өнім алынып келді. Бұл совхоз жұмысшыларының овощьқа деген қажетін етеп отырды. Ал, біз осыған ғана қанағаттанып, картоп пен овощь өндірісін ұлғайтуға қолда бар мүмкіншіліктерді пайдаланбадық.

Пленум қаулысын талқылағаннан кейін совхоз егіншілері, мал өсірушілері, ауыл шаруашылығының мамандары бізде орын алып келген кемшіліктерді батыл сынғап, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету беруге бағытталған бағалы ұсыныстар енгізді. Бұл ұсыныстар картоп пен овощь өндірісін өркендету жөніндегі совхоз мамандарының жыйналыстарында толықтырылып, қорытынды және бірқатар шаралар белгіленді. Кезір белгіленген шаралар жүзеге асырылуда.

Біз өзіміздің 1954 жылғы өндірістік жоспарымызға картоп егінін быйылғыдан 1,5 есе, овощь егінін 2 есе ұлғайтуды енгіздік. Картоптан мол өнім алу үшін оны тек шаршы-ұялап отырғызу әдісі мен себеміз. Бұл жұмысты трактор плугімен жүргіземіз. Осы мақсатпен совхоз мастер-скойында ені 20 метрлік трактор маркерлері жасалады. Мұндай маркерлер картопты шаршы-ұялап отырғызу үшін жерді неғұрлым тез әзірлеуге мүмкіншілік туғызады.

Совхоз егіншілерінің көп жылдық тәжірибесі картопты тек терең жыртқан зябьке егу, одан өнімді мол алуға себепші болатындығын дәлелден жүр. Сондықтан біз быйғы картоп отырғызуға арналған егістік учасоктерді зябьке жыртқанда, тереңдігін 35 сантиметр етіп және жергілікті тыңайтқыштарды енгізе отырып жырттық.

Картоп егу әрбір гектарға кемінде 40—50 мың картоп тұқымын отырғызу есебінен жүргізіледі. Біздің облыстың жағдайында картопты осылай жиі отырғызғанда ғана одан мол өнім алуға болатындығы байқалып келеді. Бұл картоп ату-



СУРЕТТЕ: Қостанай облысы делегациясының бір тобы (солдан оңға қарай) бірінші қатарда: А. Пак — Қостанай астық совхозының директоры, А. Кислый — облыстық Совет атқомі председателінің орынбасары, Н. Мартыненко — «Красный передовик» колхозының тұқым участогінің агрономы, Д. Асанбаев — облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы бастығының орынбасары, А. Сиротюк — ҚКП облыстық комитетінің совхоздар секторының меңгерушісі.

Екінші қатарда: И. Кобзев — «Красный передовик» колхозының председателі, Ф. Жақсылықов — ҚКП Ұзынкөл аудандық комитетінің секретары, С. Загоруйко — Буденный атындағы МТС-тің директоры, С. Хайдаров — редакторы және В. Коченко — Буденный атындағы МТС-тің комбайншысы. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Біздің табыстарымыз

Партия мен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында біздің колхоздың шаруашылығы өркендеп, колхозшылардың әл-ауқаты мен мәдениеті арта түсіп келеді. Колхоз көп салалы шаруашылыққа айналды. Мұнда егін және мал шаруашылығымен қатар овощь, бақша егістерін өсіруге, оларды жоғары өнімді, мол табысты шаруашылыққа айналдыруға ерекше көңіл бөлінеді. Бітік шыққан овощьтың гектарынан орта есеппен 320 центнер өнім жыйналды. Овощь сатудан колхоз кассасына 960 мың сом ақшадай кіріс түсті. Біз мұндай табыстарға қалай не болдық?

Біріншіден, біздің облыс жағдайында шымтезек-шірінді құмыраларының көшеттерін өсіруді қолданудың зор маңызы болды. Көшеттерді осылайша өсіру және ұялап отырғызу әдістері арқылы біз егістіктен мол өнім алдық.

Екіншіден, егістіктерді баптап-жүту жұмысы жақсы ұйымдастырылды. Әр участкаға құрамында бірнеше звенолары

бар тұрақты бригадалар бекітілді. Ольга Белоусова жолдас басқарған звено мүшелері быйылғы жылы қыярдың әр гектарынан 670 центнерден, помидордан 350 центнерден, сәбізден 370 центнерден өнім алды. Белоусова жолдас басқарған звеноға қосымша ақыға 70 центнер овощь берілді.

Колхоздағы бау-бақша егісінің көлемі 42 гектар. Онда алма, шие, алхорь өсіріледі. Быйыл жемістік бақшаның гектарынан 64 центнер өнім жыйналды. Жемісті сатудан түскен ақшадай кіріс 380 мың сомға жетті. Сонымен колхоз овощь және бау-бақша шаруашылығынан 1 миллион 300 мың сом пайда тапты.

Біз келесі жылы овощь және бақша егістерінің көлемін быйылғыдан анағұрлым арттырып, колхоз шаруашылығын жан-жақты өркендету береміз.

И. КОБЗЕВ,

Қостанай ауданы, «Красный передовик» колхозының председателі.

Механизаторлардың айбынды міндеті

Колхоздарда егіншілік мәдениетін оған техникалық күтімді үнемі жақсы арттыру, егіннің барлық түрінен тұрақ жүргізіп отыру керек. Мұның барлығы

Петропавлда 1953 жылғы 7 ноябрь демонстрациясын өткізу ЖОСПАРЫ

1. Демонстрацияға қаланың барлық еңбекшілері, жоғарғы және орта оқу орындарының оқушылары қатысады.

2. Демонстрация 1953 жылғы 7 ноябрьде жергілікті уақыт бойынша сағат 12-де басталады.

3. Демонстрацияға қатысушылардың барлығы көлденеңі 8 адамдық колоннаға тұрып, Ленин көшесінің бойымен Октябрь алаңы арқылы трибунаның жанынан төмендегі тәртіп бойынша өтеді:

Бірінші колонна — Оқу министрлігі, Жол қатынасы министрлігі мектептерінің, оқытушылар институтының, педагогикалық училищенің, техникумдар мен ауылшаруашылық орта мектебінің оқытушылары мен оқушылары. Жыйналу орны: Ленин және Кәрім Сүтүшев көшелерінің аралығындағы Октябрь көшесінің бойы. Жыйналу уақыты 10 сағат 30 минут. Колонна Октябрь алаңына қарай белгіленген маршрут бойынша сағат 11-де қозғалады.

Колонна бастығы Успенев жолдас.

Екінші колонна — Еңбек резервтері мектептерінің қызметкерлері мен оқушылары. Жыйналу орны: Ленин және Қызыл ту көшелерінің бұрышы. Училищелер мен мектептердің колоннадағы орнын облыстық мамандық беру басқармасының бастығы белгілейді. Жыйналу уақыты 10 сағат 30 минут. Колонна 11 сағат 10 минутта қозғалады.

Колонна бастығы Перцев жолдас.

Үшінші колонна — Одақтық маңызы бар өнеркәсіп орындарының коллективтері. Жыйналу орны: Ленин және Кәрім Сүтүшев көшелерінің аралығындағы Киров көшесінің бойы. Жыйналу уақыты 10 сағат 30 минут. Колонна 11 сағат 15 минутта қозғалады.

Колонна бастығы Данилов жолдас.

Төртінші колонна — Темір жол транспорты мекемелері мен кәсіпорындар коллективі. Жыйналу орны: Ленин атындағы клубтың жаны. Жыйналу уақыты 9 сағат. Колонна Буденный, Гоголь, Ленин көшелерінің бойымен өтеді. Қалалық мәдениет және демалыс паркінің алдына сағат 11-де келуге тиіс. Колонна Ленин көшесінің бойымен Октябрь алаңына қарай 11 сағат 30 минутта қозғалады.

Колонна бастығы Кочемировский жолдас.

Бесінші колонна — Республикалық маңызы бар өнеркәсіп орындарының коллективтері. Жыйналу орны: Сталин Киров көшелерінің бұрышы. Жыйналу уақыты 10 сағат 30 минут. Колонна 11 сағат 35 минутта қозғалады.

Колонна бастығы Третьяков жолдас.

Алтыншы колонна — Жергілікті кәсіпорындар мен кооперативтік өнеркәсіп орындарының коллективтері. Жыйналу орны: Ленин және Кәрім Сүтүшев көшелерінің аралығындағы Папанян көшесінің бойы. Жыйналу уақыты 10 сағат 30 минут. Колонна 11 сағат 45 минутта қозғалады.

мынаны көздеуге міндеттелесін:

Азық-түлік товарлары өндірісінің белгіленген көлемінің шикізатпен, қорлан бөлінісін материалдармен, отынмен және электр қуатымен толық қамтамасыз етілуі көзделсін;

Азық-түлік товарларын жасап шығаратын заңдар ақша қаражатымен, құрал-жабдықпен және құрылыс материалдарымен азық-түлік товарлары өнеркәсібі жөніндегі өндірістік күш-қуаттарды өркендету жоспарларына сәйкес қамтамасыз етілетін болсын.

б) Барлық министрліктер, ведомстволар және республикалардың Министрлер Советтері шикізатқа және материалдарға қорларды жеке кәсіпорындарға бөлгенде азық-түлік товарларын өндіретін кәсіпорындарды бұл материалдармен артықша қамтамасыз етуді жүзеге асыратын болсын;

в) Материал жеткізуші министрліктер басқа тұтынушыларға материал жеткізу жоспарын орындағанына орындамағанына қарамастан, азық-түлік товарларын өндіруші кәсіпорындарға шикізат, материалдар және құрал-жабдықтар жеткізу жоспарын бірінші кезекте сөзсіз орындауды және оларды материалмен жабдықтауды қамтамасыз ететін болсын.

104. Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері электр қуатын бөлу жоспарында азық-түлік товарларын өндіретін кәсіпорындардың электр қуатымен толық қамтамасыз етілуін көздейтін болсын, кәсіпорындарға электр қуатының лимиттерін белгілейтін болсын, оларды электр қуатымен үздіксіз жабдықтап отыратын болсын, егер электр қуатын беру белгіленген лимиттер шеңберінде жүргізілетін болса, электр қуатын

шараларды белгілеп, жүзеге асыруға міндеттелсін.

* * *

СССР Министрлер Советі мен СОВМ Орталық Комитеті азық-түлік товарларын өндірісін мықтап өркендетуді қамтамасыз ету — барлық совет, партия және кәсіподақ органдарының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады деп санайды және министрлерді, ведомстволардың басшыларын, одақтас республикалардың Министрлер Советтерінің Президенттері мен Коммунистік партиялары Орталық Комитеттерінің Секретарыларын, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің председателдерін және өлкелік партия комитеттері мен облыстық партия комитеттерінің секретарыларын азық-түлік товарлары өнеркәсібі кәсіпорындарының алдына қойылған халықты азық-түлік товарларымен қамтамасыз етуді мықтап арттыру және елімізде азық-түлік молшылығын жасау жөніндегі міндеттерді орындау ісінде оларға барынша көмектесіп отыруға, 1954, 1955 және 1956 жылдарға арналған шаруашылық жоспарлары жобаларында осы қаулының сөзсіз орындалуына бағытталған нақтылы шараларды көздеуге міндеттейді.

Азық-түлік товарлары өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдарының барлық қызметкерлерінің борышы — өнеркәсіптің жұмысындағы кемшіліктерді жою; азық-түлік товарларын шығаруды едәуір арттыру, ол товарлардың сапасын жақсарту және өндіріс мәдениетін көтеру жөнінде осы Қаулы бойынша белгіленген тапсырмаларды толық және асыра орындауға барлық күшін жұмсау, сөйтіп, таяу жылдардың ішінде біздің елімізде өте сипалы азық-түлік товарларының молшылығын қамтамасыз ету.

Социалистік селоның бейнесі

Николаевка селосы Совет өкметі жылдарында адам танығысыз болып өзгеріп, облыстағы ірі мәдениетті селолардың бірі болды.

Көзір селода 700-ден астам үй бар. Селоның экономикасы да, мәдениеті де үздіксіз өсуде. Селода жыйырмадан астам саяси, шаруашылық және мәдени мекемелері бар. Бұлардың ішінен село еңбекшілерін ғана қамтып қоймай, көршілес колхоз, совхоздардың тұрғын адамдарын да қамтытын аурухана, баклаборатория, май заводы, МТС, орта мектеп жұмыс істейді. Мектептің оқытушылар коллективі быйыл еліміздің жоғары оқу орындарын бітіріп шыққан жас кадрлармен толықтырылды. Көзір мектепте 1200-ге жуық бала оқиды. 60-қа жуық мұғалім жас ұрпақтарға сапалы білім, коммунистік тәрбие беру жолында қажырлы еңбек етіп жүр. Контеген село жастары кешкі мектепте оқып білім алуда.

Николаевка радиоландырылған және электрлендірілген село. Қас қарая колхозшылардың үйлерінде Ильич шамдары жарқырайды. Село халқы Москвадан, Алматыдан, еліміздің басқа да ірі

қалаларынан берілген хабарларды күн-бе-күн радио арқылы естіп біліп отырады.

Селода бір шайхана, екі магазин жұмыс істейді. Керекті товарларды, азық-түлікті, көпшілік тұтынатын заттарды село халқы осы магазиндерден алып тұрады.

Селолық Советтің жанындағы кітапхана тұрғын халықтың сүйікті орны болып алды. Кітапхана өзінің жұмысын колхозшылар мен село интеллигенттерінің тілегіне сай ұйымдастырған. Кітапхананың 300-ге жуық кітап оқушысы бар.

Еңбекшілердің өскелең мәдени тілегіне сәйкес быйыл селода жаңа клуб салынды. Клубтың бір бөлмесіне оқу үйі, киноустановка орналастырылған. Көзір село халқы кинофильмдерді күн-ара көріп отыратын болды.

Николаевка селосының мәдени бейнесі күннен-күнге өзгеріп, мәдениеті артып отырса, оның тұрғын халқының әлауқат және тұрмыс дәрежесі де күн санап жақсара түсуде.

И. СМАҒҰЛОВ.

Преснов ауданы, Николаевка селосы.

қымының біркелкі тамыр жайып өсуіне және тоңырақтың құрған көтпеуіне жағдай жасайды.

Сол сыяқты оғаш өндірісін арттыру мақсатымен парник шаруашылығын екі есе ұлғайтамыз. Оғаш дақылдары егілетін жерлерге агротехникалық ережелерге сай дәрежеде жергілікті және минеральдық тыңайтқыштар енгіземіз.

СОВМ Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы біздің совхоз коллективінің еңбектегі жана творчестволық өрлеуін туғызды. Біз картоп пен оғаш өндірісін шұғыл өркендету жөніндегі партия мен үкметіміз қойған талапты мінсіз жүзеге асырамыз.

А. ПАК,

Қостанай астық совхозының директоры.

Қабылданған міндеттемені орындау жолындағы күресте

★

А. КИСЛЫЙ,

Қостанай облыстық Совет атқару комитетінің орынбасары

★

Олар шөпті жыйнау және майлау жөніндегі тапсырманы асыра орындады.

Облыстың мал өсірушілері малды жарық және жылы қоралармен қамтамасыз ету жөнінде көп жұмыстар істеді. Быйыл жаңадан малдың 108 қорасы салынды.

Мал шаруашылығы өнімділігінің өсуі Федоров ауданының «Красный октябрь», «Коминтерн», «Серп и Молот», Чапаев атындағы, Таранов ауданының Молотов атындағы және басқа ауыл шаруашылық артельдерінің мемлекетке сүт тапсыру жөніндегі міндеттемені август айында орындауына жағдай туғызды. Көзір колхоздар мемлекетке сүт сатып, 28 автомашина алды. Жақында олар тағы да 40 машина алмақ.

Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар қойдан жүнді көптеп қыркуда. Сулықөл совхозы селекциялық-тұқымдық жұмысты және күтімді дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде 40 мың қойдың әрқайсысынан 4,1 килограмнан жүн алды. Сөйтіп, совхоз жүнінен біржарым миллион сомдай табыс тапты. Аманкелді, Қарабалық, Төргай аудандарының колхоздары да қойдан жүнді көп қырықты.

Облыста оғаш шаруашылығы айтарлықтай өркендеуде. Мұны Қостанай ауданының «Красный передовик» және «Красный партизан» колхоздарының үлгісінен айқын көруге болады. Мәселен, «Красный передовик» ауылшаруашылық артелинің өткен жылғы табысы бір миллион 461 мың сом болды. Ол оғаш шаруашылығынан 760 мың сомнан астам және бақша жемістерінен 400 мың сомнан астам табыс алды. Миллионер «Красный партизан» колхозында быйыл оғаштан түсетін кіріс шамамен барлық табыстың 70 процентіндегі болмақ.

Облыста келесі жылы картоп егісінің көлемін үш есе арттыру ұйғарылды. Облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында дерлік 1954 жылғы картоп,

ты біздің жұмысымыздың өнімді болуына үлкен себеп болды.

Мен жұмыс істеген Пресногорьков ауданындағы «Общий труд» колхозының егін бригадасының мүшелері де комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуіне зор көмек жасады.

Мен көзір трактор көздеу жұмысына қатысып жүрмін. Бұл жұмыста да тапсырмамды жүн сайын 150 проценттен орындап келемін.

Біздің агрегат мүшелерінің көздеген мақсаты — сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру. Сөйтіп, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру.

В. КОДЕНКО,

Пресногорьков ауданы, Буденный атындағы МТС-тің комбайншысы.

Колонна бастығы Соколов жолдас.

Жетінші колонна — Денсаулық сақтау министрлігі оқу орындары мен мекемелері, мәдениет және искусство қызметкерлері коллективі. Жыйналу орны: Ленин және Сталин көшелерінің аралығындағы Базарбаев көшесінің бойы. Жыйналу уақыты 11 сағат. Колонна 11 сағат 50 минутта қозғалады.

Колонна бастығы Чаева жолдас. Сегізінші колонна — Қаланың жоғарыда аты аталмаған мекелері мен ұйымдарының коллективтері. Жыйналу орны: Ленин және Сталин көшелерінің аралығындағы Петренев көшесінің бойы. Жыйналу уақыты 11 сағат. Колонна 11 сағат 55 минутта қозғалады.

Колонна бастығы Нұрлин жолдас. 4. Жалықалалық демонстрацияға басшылық жасау қалалық соғыс комиссары подполковник Пилипенко жолдасқа жүктеледі.

5. Демонстрация кезінде тәртіп сақтау облыстық милиция басқармасының бастығы подполковник Тоқпанов жолдасқа жүктеледі.

6. Демонстранттар колонналары жыйналатын және жүретін көшелерде таңертеңгі сағат 9-дан демонстрация аяқталғанға дейін автомобиль және жүк транспорттарының жүрісі тоқтатылады.

ҚАЛАЛЫҚ КОМИССИЯ.

Редактордың орынбасары

Г. НҮРМОЛДИН.

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

6 ноябрьде «ТУҒАН ЕЛІМІЗДІҢ ӘНДЕРІ»

деген көркем суретті жаңа фильм көрсетіледі.

Сеанстар 4 сағат 30 минутта, 6 сағат 30 минутта басталады.

«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ» 1 сериясы Сеанстар кешкі сағат 8-де, 10-да басталады.

7 ноябрьде «ТУҒАН ЕЛІМІЗДІҢ ӘНДЕРІ»

Сеанстар күндізгі 12,30- да, 2,30-да, 4,30- да және 6,30- да басталады.

«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ» 1 сериясы кешкі 8 сағат 10 минутта басталады. **«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ» 2- сериясы** кешкі сағат 10-да басталады.

8 ноябрьде «ТУҒАН ЕЛІМІЗДІҢ ӘНДЕРІ»

Сеанстар таңертеңгі сағат 10, 11, 2, 4 сағат 30 минутта, және 6 сағат 30 минутта басталады.

«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ» 1 сериясы 8 сағат 10 минутта басталады.

«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ» 2- сериясы сағат 10-да басталады.

9 ноябрьде «ТУҒАН ЕЛІМІЗДІҢ ӘНДЕРІ»

Сеанстар 4,30- 6,30- 8, 10- минутта және сағат 10-да басталады.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.